

2009 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігі 2008 жылғы 18 желтоқсандағы N 35 /03 қаулысы. Қарағанды облысы Абай ауданы Әділет басқармасында 2009 жылы 12 қаңтарда N 8-9-52 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 03 желтоқсандағы N 28/05 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2009.12.03 N 28/05 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы", 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 Қаулысымен бекітілген "Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелерін" орындау мақсатында Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырушы Абай ауданының ұйымдары, кәсіпорындары, мекемелерінің тізімі, жұмыс түрлері мен көлемі қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

2. Қоғамдық жұмыстарға тартылған жұмыссыздардың еңбекақысы Қазақстан Республикасында бекітілген ең аз еңбекақысынан төмен емес, толық емес жұмыс күн және оралымды кесте бойынша жұмыс істеу мүмкіндігімен бекітілсін.

3. Қоғамдық жұмыстарға тартылған азаматтардың еңбекақысы жергілікті бюджет қаражатынан төленсін.

4. Жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі уәкілетті орган (Ақсанов Серік Айткенұлы) нақты еңбек жағдайларын көрсетіп, қоғамдық жұмыстарды орындауға жұмыс берушілермен бір үлгідегі келісім шарттар жасасын.

5. Абай ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 28/01 "2008 жылға қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" (2008 жылғы 21 қаңтарда Абай ауданының әділет басқармасында тіркелген N 8-9-39, 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 4 "Абай-Ақиқат" аудандық апта сайынғы газетінде жарияланған) қаулысы күшін жойған болып танылсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Абай ауданы әкімінің орынбасары Ібірахым Ісләмұлы Ісләмовқа жүктелсін.

7. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Алтынбеков

А б а й а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң
 2 0 0 8 ж ы л ы 1 8 ж е л т о қ с а н N 3 5 / 0 3
 қ а у л ы с ы н а

қосымша

2009 жылға Абай ауданының кәсіпорындары, ұйымдары және мекемелері бойынша қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің тізімі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2009.04.20 N 10/05 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

| Кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер | Адамдардың саны | Қоғамдық жұмыстардың түрлері |
|---|-----------------|--|
| Абай ауданы әкімдігі жанындағы " Жігер-2004" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны | 256 | Тұрғын үй массивтерінің аумақтарын қоқыстарда қардан тазарту, қаланы көркейту, көгалдандыру экологиялық жақсарту және басқа жұмыстар |
| Пәтерлер меншіктенушілердің кооперативтері | 40 | Үйлерді қысқы жылыту кезеңіне дайындау жән басқа жұмыстар |
| Қала, ауыл, кент әкімдерінің аппараттары, аудан әкімінің аппараты | 70 | Тұрғын үй массивтерінің аумақтарын қоқыстарда қардан тазарту, қаланы көркейту, көгалдандыру экологиялық жақсарту. Қосалқы, жөндеу-құрылыс жұмыстары, салық жинауға, статистикалық сауалнамалар өткізуге көмектесу, тұлғаларға (отбасыларға) атаулы әлеуметтік көмекке және мемлекеттік балалар жәрдемақысына құжат жинау көмектесу және басқа жұмыстар |
| Абай ауданының қаржы бөлімі, Абай ауданының қазынашылық бөлімі, Абай ауданының жер қатынастары бөлімі, Абай ауданының құрылыс бөлімі, Абай ауданының архитектура және қала құрылысы бөлімі, Абай ауданы бойынша агрокәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекциясы комитетінің аумақтық инспекциясы, Абай ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі | 17 | Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстары мұрағат, курьерлік және басқа жұмыстар |
| Абай ауданының денсаулық сақтау мекемелері | 6 | Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстары аумақтарды көркейту және басқа жұмыстар |
| Абай ауданының мәдениет мекемелері | 10 | Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстар Жылыту кезеңінде қосалқы жұмыстар. Мәдени шаралар өткізу және басқа жұмыстар |
| Әлеуметтік көмек көрсету мекемелері (Абай ауданы бойынша зейнетақы төлеудің мемлекеттік орталығы, Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, зейнеткерлер мен мүгедектерді әлеуметтік оңалту орталығы) | 20 | Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстары Халықтың әлсіз топтарына көмек және қызме |

| | | |
|--|-----|--|
| | | көрсету, мұрағат құжаттарын өңдеу. Курьерлік жәе басқа жұмыстар |
| Абай ауданының қорғаныс ісі жөніндегі бөлімі | 20 | Әскерге шақыру және жазылу кампанияларын өткі кезеңінде құжаттандыруға және шақыруларды таратуға көмектесу және басқа жұмыстар |
| Абай аудандық прокуратурасы, Абай аудандық соттар, Абай аудандық ішкі істер басқармасы, Абай аудандық Әділет басқармасы, сот орындаушыларының аумақтық бөлімдері, Абай ауданы қылмыстық-атқару инспекциясы | 45 | Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстары Халықты құжаттандыруға көмектесу. Мұрағат құжаттарын өңдеу. Курьерлік және басқа жұмыстар |
| Абай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі | 3 | Халықты өрт қауіпсіздігіне оқыту және басқ жұмыстар |
| Ауыл және кент әкімдерінің аппараттары | 60 | Мал асырау және ауылшаруашылық өнімдерін өсі бойынша бригадаларды ұйымдастыру |
| Абай ауданының статистика бөлімі | 30 | Халықтың және малдың санағын жүргізуге көмектесу, халық арасында әлеуметтік сауалнама өткізу |
| Абай ауданы бойынша салық басқармасы | 19 | Халықтан салық жинауға көмектесу. Есеп кампаниясын өткізуге көмектесу және басқа жұмыстар |
| "Казавтодор" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қарағанды облыстық филиалының 42 жол-жөндеу учаскесі | 2 | Республикалық маңызы бар жолдарды жөндеу көркейту және басқа жұмыстар |
| Абай ауданының кәсіпкерлік бөлімі | 2 | Қосалқы және жөндеу-құрылыстық жұмыстары Курьерлік және басқа жұмыстар |
| Барлығы | 600 | |